

Бұйрық №17

«02» сәуір 2026 жыл

Ақтөбе қаласы қаласы

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметіне өзін-өзі бағалау өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» №12 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылдың 02-24 сәуір аралығында ЖШС «Шарықтау шыңы» «Зере» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмысы өткізілсін.

2. Бөбекжай-балабақшасы қызметіне өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы төмендегі тізімде бекітілсін:

- 1) Тайпетова А.Ж, ББ-меңгерушісі – комиссия төрағасы;
- 2) Сәрсенғали Ш.Ю–ББ әдіскері- комиссия мүшесі;
- 3) Аманкулова А.С –ББ психологі– комиссия мүшесі;
- 4) Скивко В.Н-ББ тәрбиеші – комиссия мүшесі;
- 5) Кожаниязова Л.А - ББ тәрбиеші– комиссия мүшесі;
- 6) Исаев К.К - ББ шаруашылық орынбасары– комиссия мүшесі;
- 7) Ергазиева В.К - ББ мед.бике– комиссия мүшесі.

3. ЖШС «Шарықтау шыңы» «Зере» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмысының жоспары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес құрылып, бекітілсін.

4. Бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы 2026 жылдың 25 сәуір күні кезектен педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, ұжымға таныстырылсын.

5. Бөбекжай-балабақшаның қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалауы бойынша құжаттар интернет-ресурсқа Зере балабақшасының сайтына <https://zere-aktobe.edu.kz/kz/> уақытылы орналастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

«Зере » бөбекжай-балабақша меңгерушісі:  Тайпетова А.Ж